

Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұржар аудандық мәслихатының 2012 жылғы 25 қыркүйектегі N 6-53/V шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 10 қазанда N 2699 болып тіркелді. Күші жойылды - (Шығыс Қазақстан облысы Ұржар аудандық мәслихаты аппаратының 2014 жылғы 15 желтоқсандағы N 220-03/14 хаты)

Ескерту. Күші жойылды (Шығыс Қазақстан облысы Ұржар аудандық мәслихаты аппаратының 15.12.2014 № 220-03/14 хаты).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы с а қ т а л ғ а н .

Ескерту. Тақырыбындағы, шешімнің және қосымшаның мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтіні бойынша "Ереже", "Ережесі", "Ережеде", "Ережесіне", "Ережесінде" деген сөздер тиісінше "Қағида", "Қағидасы", "Қағидада", "Қағидасына", "Қағидасында" деген сөздермен ауыстырылды - Ұржар аудандық мәслихатының 20.02.2014 23-234/V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына, "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысының 1 тармағының 11) тармақшасына сәйкес, Ұржар аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасы бекітілсін (қоса берілген).
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы	Ж. Саутов
Ү р ж а р а у д а н д ы қ мәслихатының хатшысы	М. Бітімбаев
	Үржар аудандық мәслихатының 2012 жылғы 25 қыркүйектегі № 6-53/V шешіміне қосымша

Тұрғын үй көмегін көрсету қағидасы

Осы Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидасы (бұдан әрі - қағида) "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабы, "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысына, "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысына, "Жергілікті атқарушы органдар көрсететін әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 394 қаулысының 1 тармағының 11) тармақшасына сәйкес әзірленді және Үржар ауданында тұратын, аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібін белгілейді.

Жалпы ережелері

1. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) шекті жол берілетін шығыстар үлесі - телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының (азаматының) бір айда тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының (азаматтың) орташа айлық жиынтық кірісіне пайызбен қатынасы;

2) отбасының (азаматтың) жиынтық табысы - тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасы (азамат) кірістерінің жалпы сомасы;

3) кондоминиум объектісін басқару органы - кондоминиум объектісін басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

4) уәкілетті орган - жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын, тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын а у д а н н ы ң а т қ а р у ш ы о р г а н ы ;

5) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар - кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер учаскесін күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ құралдарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және тексеруге жұмсалатын шығыстарға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығыстарға жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы төленетін үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері шығыстарының міндетті сомасы, сондай-ақ болашақта кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекелеген түрлерін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға жұмсалатын жарналар;

6) аз қамтамасыз етілген отбасылар (азаматтар) - Қазақстан Республикасының тұрғын үй заңнамасына сәйкес тұрғын үй көмегін алуға құқығы бар адамдар.

2. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы елді мекенде тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

1) жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға ;

2) тұрғын үйдің меншік иелерінің немесе жалдаушыларының (қосымша жалдаушыларының) отбасыларына (азаматтарына) коммуналдық қызметтерді т ұ т ы н у ғ а ;

3) байланыс саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне ;

4) жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына ақы төлеуге беріледі;

5) алынып тасталды - Үржар аудандық мәслихатының 23.12.2013 № 22-211/V (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Үржар аудандық мәслихатының 05.03.2013 № 11-103/V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 23.12.2013 № 22-211/V (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

3. Аз қамтамасыз етілген отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың

әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

4. Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған, жергілікті өкілді органдар белгілеген шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде айқындалады.

Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметті тұтыну ақысының рұқсат етілген шекті шығын үлесі отбасының жиынтық табысының 11 пайыз мөлшерінде белгіленеді.

Тұрғын үй көмегін тағайындау тәртібі

5. Тұрғын үй көмегін тағайындау үшін отбасы (азамат) уәкілетті органға өтініш береді және келесі құжаттарды ұсынады:

- 1) тұтынушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) тұрғын үйге құқық белгілейтін құжаттың көшірмесі;
- 3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі не мекенжай анықтамасы, не өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын ауылдық әкімдердің анықтамасы;
- 4) отбасының табысын растайтын құжаттар;
- 5) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған нысаналы жарнаның мөлшері туралы шот;
- 6) коммуналдық қызметтерді тұтыну шоттары;
- 7) жергілікті атқарушы органмен (тұрғын үй инспекциясымен) келісілген, пәтерлердің меншік иелері мен жалдаушыларының (қосымша жалдаушылардың) жалпы жиналысында бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге арналған шығыстар сметасы негізінде кондоминиум объектісін басқару органы ұсынатын және кондоминиум объектісін басқару органы басшының мөрімен, қолымен расталған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шот;
- 8) коммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесі;
- 9) тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шот;

10) алынып тасталды - Үржар аудандық мәслихатының 23.12.2013 № 22-211/V (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерістер енгізілді - Үржар аудандық мәслихатының 05.03.2013 № 11-103/V (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз); 23.12.2013 № 22-211/V (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.02.2014 23-234/V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

6. Тұрғын үй көмегіне құқығы жоқ отбасылар:

1) жеке меншігінде бірнеше тұрғын үйі бар (пәтер, үй) немесе тұрғын үйлерін жалға беретін;

2) отбасында еңбекке жарамды тұлғалары бар, егерде олар жұмыс істемесе, күндізгі бөлімде оқымаса, әскер қатарында болмаса және уәкілетті органдарында жұмыссыз ретінде тіркелмеген тұлғалар;

3) отбасы құрамында заңды некеде тұратын адам бар болса, бірақ зайыбының қазіргі тұрғылықты жерін білмегендердің (көрсетпесе) және құқық қорғау органдарына бұл туралы мәлімдемеген;

4) ата-аналары ажырасқан және өздерімен бірге тұратын балаларына алимент өндіру туралы талап іс бермеген отбасылар, келесі тұлғаларды ескермеген жағдайда:

бірінші және екінші топтағы мүгедектерді, 16 жасқа дейінгі мүгедек-балаларға және сексен жастан асқан тұлғаларға күтім көрсетіп отырғандарды;

мүгедектік тобы жоқ, туберкулез және онкологиялық диспансерлерде есепте тұрған тұлғалар;

үш жасқа дейін баласын күтумен сонымен қатар, төрт және одан да көп кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған аналарды; 50 жасқа толған тұлғалар (жынысына байланыссыз).

7. Отбасының жұмыссыз мүшелері уәкілетті органмен ұсынған жұмыстан немесе жұмысқа орналасудан дәлелсіз себептермен бас тартқан, өз еркімен қоғамдық жұмыстарға қатысуды, оқуды немесе қайта оқуды тоқтатқан отбасылар тұрғын үй көмегін алу құқығынан айырылады.

8. Тұрғын үй көмегін алушылар өтініш білдірген тоқсанның алдындағы тоқсанға отбасының табысын растайтын есепшоттарды, коммуналдық қызметтер жөніндегі құжаттарды әр тоқсан сайын тапсырады.

9. Тапсырылған құжаттарды тексеру қорытындысы бойынша, отбасының кірісі және коммуналдық төлемдер енгізілетін келісім-арыз жасалады. Келісім-арызға тұрғын көмегін алушы және уәкілетті орган өкілінің қолы қойылады.

10. Уәкілетті органның шешімі тұрғын үй көмегін тағайындаудың негізі

б о л ы п

т а б ы л а д ы .

11. Электр жүйесімен, тұрғын үй (тұрғын үй- жайды) бойынша шығындар өтініш жасағанның алдындағы тоқсандағы, орташа тоқсанға есепшот бойынша есепке алынады. Жылумен, су құбырымен, канализациямен, қоқыс шығару, байланыс қызметтермен қамтамасыз ету қызмет берушінің тарифтері бойынша а л ы н а д ы .

Телекоммуникация қызметіне абоненттік төлем тарифін көтеру үстемақысының көлемі әлеуметтік қорғалған азаматтарға 2004 жылдың қыркүйегінен әрекет ететін абоненттік төлем және әрекет ететін абоненттік төлем арасындағы айырмашылық болып анықталады.

12. Зейнеткерлер, мүгедектер, мүгедек балалар, жетім балалар, төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары бар отбасыларын қолдау мақсатында, тұрғын үй көмегін есептегенде олардың табыстары Қазақстан Республикасының сол уақыт кезеңіне сәйкес бекітілген заңнамалық актілерімен белгіленген екі айлық есептік көрсеткішке түзетіледі (шегеріледі).

13. Егер өтініш беруші заңды некеде болса, бірақ зайыбы сол мекен-жай бойынша тіркелмеген болса, ерлі-зайыптылардың екеуінің де табыстары есептеледі және жәрдемақы өтініш берушінің мекен-жайы бойынша т а ғ а й ы н д а л а д ы .

14. Тұрғын үй көмегі барлық қажетті құжаттарымен өтініш берген айдан б а с т а п т а ғ а й ы н д а л а д ы .

15. Тұрғын үй көмегін алушылар уәкілетті органға 10 күнтізбелік күн ішінде алынатын жәрдемақының мөлшеріне және тағайындау құқығына әсер ететін кез-келген өзгерістер туралы хабарлауы тиіс.

Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді пайдалану нормативтері

16. Тұрғын үй көмегін есептеу кезінде келесі әлеуметтік норма қолданылады:

1 . А л а ң м ө л ш е р і :

- 1) жалғыз тұратындар үшін – 18 ш.м;
- 2) екі адамнан тұратын отбасылар үшін – 27 ш.м;
- 3) үш адамнан тұратын отбасылар үшін - 36 ш.м;
- 4) төрт адамнан тұратын отбасылар үшін - 45 ш.м;
- 5) бес немесе одан да көп адамнан тұратын отбасылар үшін - 54 ш.м.

2. Электрэнергияның мөлшері:

- 1) жалғыз тұратындар үшін – 52 квт;
- 2) екі адамнан тұратын отбасылар үшін – 72 квт;

- 3) үш адамнан тұратын отбасылар үшін – 100 квт;
- 4) төрт адамнан тұратын отбасылар үшін - 120 квт;
- 5) бес немесе одан да көп адамнан тұратын отбасылар үшін - 130 квт.

Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу тәртібі

17. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табыстары тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті орган е с е п т е й д і .

Жергілікті жылу жүйесімен жылытылатын жеке меншік үй-жайларда тұратын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін беру тәртібі

18. Жергілікті жылу жүйесімен жылытылатын жеке меншік үй-жайларда тұратын отбасыларға (азаматтарға) арналған тұрғын үй көмегі жылына бір рет б е р і л е д і .

19. Жергілікті жылу жүйесімен жылытылатын, жеке меншік үй-жайларда тұратын отбасыларға тұрғын үй көмегін есептеген кезде тұрғын үй-жайдың тұрғын ауданының 1 шаршы метріне 129,8 кг, алайда бір үйге 5000 кг. мөлшерінен аспайтын көмір шығынының әлеуметтік нормасы есептеледі.

20. Көмір құнын есептеу үшін аудан бойынша облыстық статистика басқармасы ұсынған орташа баға және тұрғын үй көмегін есептеген тоқсанның алдындағы тоқсанның соңғы айындағы жағдаймен алынған ақпарат қолданылады (наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан).

21. Көмір сатып алудың маусымдылығына байланысты тұрғын үй көмегін есептеген кезде тұрғын үйге арналған көмір шығынының барлық әлеуметтік нормасы өтініш берілген тоқсандағы үш ай үшін бір рет есептеледі.

Тұрғын үй көмегін төлеу

22. Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін төлеуді уәкілетті орган екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырады.

